



010000, Астана қ. Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-37 факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55-66-31, 55-66-37 факс: 55-72-94

07.02.2017 № 2

№ _____ ге

**Тұрақты комиссияның
2017 жылғы
07 ақпандағы қаулысы**

**Қала мекемелерінде
тегін кәсіптік-техникалық
білім беруді енгізу туралы**

Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясы «Астана қаласының Білім беру басқармасы» ММ-нің «Қала мекемелерінде тегін кәсіптік- техникалық білім беруді енгізу туралы» баяндамасын тыңдап, талқылай келе, астанада атқарушы органдарымен тегін кәсіптік- техникалық біліммен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда деп атап өтті.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру мақсатында тегін кәсіптік-техникалық білім беру үлгісі әзірленді, 2017 жылдан бастап осы үлгіге сәйкес колледжге қабылдау конкурстан тыс жұмыс мамандықтары бойынша жүзеге асатын болады.

Астана қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының желісіне жалпы саны 26262 студент білім алып жатқан 34 колледж кіреді, оның ішінде 12-мемлекеттік, 22-жеке меншік болып саналады. Студенттердің жалпы санынан 54,6 пайызы ақылы негізде оқиды.

Жастарды тегін техникалық және кәсіптік білім беру мен оларды жұмыс біліктілігімен қамтуды арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар белгіленген.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында 10-сынып оқушыларын жеті мамандық бойынша екі жыл оқу мерзімімен кәсіптік оқыту курстары арқылы бейінді оқыту жүргізіледі. Оқыту қорытындысы бойынша оқушылар белгілі бір құзыреттілік туралы сертификат алады.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің (бұдан әрі - ИПҚ) біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Модульдік білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша колледждердің 15 қызметкерлері мен 213 арнайы пәндер оқытушылары, білім беру бағдарламалары бойынша өндірістік оқыту шеберлері біліктіліктерін арттырды.

2017 жылы «Барлығы үшін тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын енгізуге сомасы 3 млрд 879 млн теңгені құрайтын шығыстар көзделген.

Техникалық және технологиялық мамандықтары бойынша 4765 адамды күндізгі бөлімге, 1200 адамды білім беру, медицина, өнер мамандықтары бойынша және экономикалық, заң мамандықтары бойынша 1200 адамды ақылы негізде қабылдау жоспарлануда.

Бағдарлама аясында республикалық бюджет есебінен жұмыспен қамту Орталығы арқылы жұмыссыздар және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды курстық даярлау және қайта даярлаудан өткізу жүзеге асырылатын болады.

Истық тамақпен 3391 адам, жұмысшы мамандықтар бойынша білім алатындар және 381 жетім балалар қамтамасыз етілетін болады.

Бұл ретте қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясы Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының уақтылы қабылданғанын айтады.

Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтарына колледж студенттерінің жалпы контингентінің 14,3 пайызы ғана оқиды.

Ақылы негізде білім алушы студенттер қатарынан жыл сайын 700-ге жуық адам қаржылық мәселелерге байланысты оқудан шығарылады.

Соңғы екі жыл ішінде түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіштері бойынша, орташа есеппен 150 адам жыл сайын мамандықсыз жұмысқа орналасады.

Қазіргі уақытта қалада қызмет көрсету, білім беру, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, сауда, қаржы, байланыс және ақпарат салаларында кадрларға деген үлкен сұраныс байқалады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қала мекемелерінде тегін кәсіптік- техникалық білім беруді енгізу жөнінде» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласы әкімдігі жанындағы жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру мәселелері жөніндегі аймақтық комиссияға:

-техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға үміткерлердің тізімін қалыптастыру бойынша қалалық білім басқармасы, жұмыспен қамту, ішкі саясат, жергілікті полиция қызметі, жастар ұйымдары өкілдері мен еріктілердің қатысуымен қалалық мобильдік топты құру;

- жұмыссыздардың, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды, мектеп түлектері, колледж және жоғары оқу орындарынан шығарылған студенттер және мамандығы жоқ т.б. қатарынан Бағдарламаның әлеуетті қатысушыларын онлайн-өтінімдер мен басқа да ақпараттық технологияларды қоса пайдалана отырып талдау жүргізіліп, құрамын анықтау;

- нысаналы топтарға (жұмыссыздар, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, аз қамтылған және т. б.) колледждерде, біліктілік арттыру курсы аясында мамандық алу қажеттілігін айқындау мақсатында түсіндіру жұмыстарын өткізу;

- өңірлік еңбек нарығының білікті кадрларға қажеттілік болжамын ескере отырып, жоба қатысушыларын сұранысқа ие мамандықтар мен біліктіліктерге оқыту тізбесі белгілеу ұсынылсын.

3. «Астана қаласы білім беру басқармасы» ММ «Астана қаласы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ бірге ұсынылсын:

- жергілікті бюджеттен оқытуды (мамандығы, біліктілігі бойынша), аталған нысаналы топтарды тегін оқытумен, ыстық тамақпен толық қамтуды қамтамасыз ете алатын шығындарды есепке алу;

- Жатақханаларды салу не бос тұрған ғимараттарды қайта жөндеуден өткізу арқылы, соның ішінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде, оқушыларды тұрғын жаймен қамтамасыз етуді қарастырып, шара қолдану;

- 2017-2018 жылдарға жергілікті бюджетті нақтылау барысында зертханалар мен колледждердегі өндірістік шеберханаларды заманауи жабдықтауды қарастыру.

4. «Астана қаласы білім беру басқармасы» ММ Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Астана қаласының білім саласындағы бақылау Департаментімен бірге ұсынылсын:

- техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріне: техникалық қызмет көрсету саласында, автомобиль көлігін жөндеу және пайдалану, көпірлер және көлік тоннелдері, электр жабдықтары, электр станциялары мен желілері (түрлері бойынша), энергия менеджменті, монтаждау, медициналық техниканы жөндеу және техникалық қызмет көрсету, кітапхана ісі мамандықтары бойынша лицензия алуға жәрдем көрсету жөнінде іс-шаралар қабылдасын.

- Астана қаласының колледждеріне жұмыс мамандықтарын қайта ресімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсетілсін.

5. Астана қаласы білім беру басқармасы» ММ Астана қаласы Аймақтық кәсіпкерлер палатасымен бірге ұсынылсын:

- Ірі кәсіпорындармен Бағдарлама аясында білім алған жастар мен азаматтарды жұмыспен қамту және мақсатты кадрларды дайындау мәселесі оңтайландырылсын;

- Кәсіпорындарда студенттерге өндірістік практика өту мүмкіншілігі қарастырылсын.

- Кәсіпорындарда өндірістік оқыту және тәжірибеден өту үшін студенттерге ең білікті тәлімгерлер бекітілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының депутаты Гаипов Зұлфухар Султанұлына жүктелсін.

**Әлеуметтік-мәдени даму
мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссияның төрағасы**



М.Шайдаров